

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 маусымдағы N 589 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 1060 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.13. N 1060 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 8, 69-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасында:

"Бірінші кезектегі шараларды іске асырудың жолдары мен тетіктері" деген 5-бөлімде:

"Ғылыми-негізделген агротехнологияның сақталынуы негізінде егіншілікте өңірлік мамандану" деген § 1.1-параграфта:

"Шаралар" деген кіші бөлімде:

"Қазагрэкс" АҚ қайта ұйымдастыру жолымен тұқым сапасын сараптау жөніндегі мемлекеттік мекеме құру" деген он бесінші абзац алынып тасталсын;

"Өсімдік шаруашылығының кластерлік басым бағыттары негізінде тігінен және көлденеңінен ықпалдасқан өндірісті құру" деген § 1.6-параграфта:

"Оңтүстік Қазақстан облысындағы "Тоқыма өнеркәсібі" кластерінде":

"Шаралар" деген кіші бөлімде:

бесінші абзацта "Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС" деген сөздер алынып тасталсын;

"Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі инновациялық жобалар" деген § 1.8-параграфта:

"Міндеттер" деген кіші бөлімде:

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"Астық және оның қайта өңдеу өнімдері ҒЗИ" ЖШС" деген сөздер "Тамақ өнеркәсібі және биоотын ҒӨО" ЖШС" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өңдеуді дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету" деген § 1.9-параграфта:

"Қаржылық қамтамасыз ету*" деген 11-кестеде:

реттік нөмірі 16-жолда:

4-бағанда "142,7" деген сандар "39,3" деген сандармен ауыстырылсын;

5-бағанда "104,5" деген сандар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 22-жолда:

2 - б а ғ а н д а :

"С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті" ЖШС қатысуымен "Астық және оның қайта өңдеу өнімдері ҒЗИ" ЖШС" деген сөздер "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ-ның қатысуымен "Тамақ өнеркәсібі және биоотын ҒӨО" ЖШС" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баған "30,0" деген сандармен толықтырылсын;

4, 5-бағандарда "330,9", "186,1" деген сандар алынып тасталсын;

"Барлығы" деген жолдың 3, 4, 5-бағандарында "29682,1", "42390,2", "41206,3" деген сандар "29712,1", "43152,5", "39822,9" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қызмет көрсету инфрақұрылымдарын және өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау жүйелерін дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету" деген § 4.7-параграфта:

"Қаржылық қамтамасыз ету*" деген 25-кестеде:

реттік нөмірі 28-жолдың 4, 5-бағандарында "2360,5", "5020,0" деген сандар "2660,4", "2704,6" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 30-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 31-жолдың 5-бағанында "220,0" деген сандар алынып тасталсын ;

реттік нөмірі 32-жолдың 4, 5-бағандарында "550,5", "2824,6" деген сандар "0,349", "500,0" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 33-жолдың 5-бағанында "0,6" деген сандар "0,65" деген сандармен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 34, 35-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 36-жолдың 4, 5-бағандарында "636,1", "680,0" деген сандар "274,7", "207,5" деген сандармен ауыстырылсын;

"Барлығы" деген жолдың 4, 5-бағандарында "50091,63", "66943,7" деген сандар "49232,78", "61065,05" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 7-бөлімде:

"Ғылыми-негізделген агротехнологияның сақталынуы негізінде егіншілікте өңірлік мамандандыру" деген кіші бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1.1-1, 1.1-2 жолдармен толықтырылсын:

"

Мыналар: 1) шаруашылық жүргізуші субъектілердің иелігіндегі және мемлекеттік жер запасындағы тастанды және тыңайған жерлердің бар-жоғын түгендеу, жерлердің деректерін картаға түсіру;	АШМ-ге ақпарат	ЖРА, облыс әкімдері	2008 жылғы ІІ тоқсан	-	-	-	Қаржылық шығындарды талап етпейді
2) тастанды және тыңайған жерлердің жағдайын ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге олардың жарамдылығы мәніне айқындау;	АШМ-ге ақпарат	ЖРА, "ҚАИ" АҚ (келісім бойынша), "АҚРҒӨО" ММ, облыс әкімдері	2008 жылғы ІІ тоқсан	-	-	-	Қаржылық шығындарды талап етпейді
3) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тастанды және тыңайған жерлерді айналымға енгізуге, сортаң жерлерді мелиорациялау үшін мелиорациялау құралдарын, құнарлылықты арттыру үшін тыңайтқыштарды (органикалықты қоспағанда) және тастанды және	ҚРҰ-не ұсыныстар	АШМ (жинақтау), ЭБЖМ, ҚМ	2008 жылғы ІІ тоқсан	-	-	-	Қаржылық шығындарды

1.1-1	тыңайған жерлерді өңдеу үшін өсімдіктерді қорғау құралдарын сатып алуға ынталандыру жөнінде ұсыныстар енгізу							талап етпейді
1.1-2	Ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жоспарланып отырған тастанды және тыңайған жерлерді пайдаланудың ықтимал бағыттары, сондай-ақ технологияның компоненттерін өндірістік жағдайларда көрсету жөнінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шетелдік тәжірибемен танысу	АШМ-ге ақпарат	"ҚАМ" АҚ (келісім бойынша), "ҚАИ" АҚ (келісім бойынша), облыс әкімдері	2008 жыл	-	-	-	Қаржылық шығындарды талап етпейді

реттік нөмірі 1.20-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 1.66-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда баяндалсын:
"С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ-ның қатысуымен "Тамақ өнеркәсібі және биоотын ҒӨО" ЖШС базасында "Астана" ұлттық агротехнологиялық паркін құру";

"Қызмет көрсету құрылымын және өнімнің қауіпсіздігін және сапасын бағалау жүйесін дамыту" деген 4-бөлімде:

реттік нөмірі 4.16-жолдың 2, 3-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

"АШМ" Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" ММ-ны Астана қаласына көшіру мәселесін пысықтау", "
Қ Р Ү - н е а қ п а р а т " ;

5-бағанда "2007 жылдың" деген сөздер "2008 жылдың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9-бағанда "РБ" аббревиатурасы "Қаржылық шығындарды талап етпейді" деген сөздермен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 4.46, 4.48-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 4.58-жолдың 2-бағанында "ҚазМАТУ" аббревиатурасы "ҚазАТУ" аббревиатурасымен ауыстырылсын;

" Е с к е р т у " а б з а ц ы н д а :

"ҚазМАТУ" "С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын" деген сөздер "ҚазАТУ" "С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Ауыл шаруашылығының Оңтүстік-Батыс ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС" "Ауыл шаруашылығының Оңтүстік-Батыс ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектелу серіктестігі" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ҚАИ" АҚ - "ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамы";

"АҚРҒӨО" ММ - "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*